

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі



***Сабақтың тақырыбы: Нысанбай жырау.
«Кенесары - Наурызбай» жыры. Жырдың
тақырыбы мен идеясы***

Практикант: Мұқажан Мақпал

Практика жетекшісі: Асенова Ж.М

Топ:431



Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендеймін. Үш топқа бөлемін



Үй тапсырмасын сұрау: «Біржан – азамат ақын», «Сара – үздік өнер иесі» эссе жазу

Эссе жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптар:



Дескриптор

-эссе тақырыбын ашады

-өз ойларын өтілген тақырыптар бойынша еске түсіріп жазады

Зергер сөз

Нысанбай жырында оқушының көз алдында ағып отырған қандай қызулы, жанды шындық бар. Барлық сөзінде сол жорықтың қуанышы мен қайғысы кеше ғана көз алдынан өткізген, көзі көргеннің жаңалығы бар. Көп қолмен бірге кешегі тарыққан қайғы, мұң, арманы бар. Өзі – сол оқиганың адамы.

Кенесарының қайғы-өкінішімен біткен жорығы қазақ баласының барлығына да қадірлі, қасиетті әңгімедей болып көп жайылған. Бұл жырдың көп жайылуына екінші бір себеп болған нәрсе – Кенесары ісінің өзге батырлардың ісінен әлдеқайда ірі, әлдеқайда көлемді оқиға болғандықтан туады.

М.Әуезов



Нысанбай жырау Жаманқұлұлы - ақын, жырау. Тарихи тақырыптағы Кенесары – Наурызбай дастанын жазған. Бұл шығарма алғаш рет 1875 ж. Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества журналында жарияланды. Нысанбай жырау Жаманқұлұлы (1822, Сыр бойы – 1883, қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққошқар мекені) – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы. Нысанбай жырау көтеріліске бастан-аяқ қатысып, көрген-білгенін жырға қосқан. “Кенесары – Наурызбай” атты көлемді дастанында көтеріліс басшыларын батырлар жыры дәстүрінде бейнелеп, заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен шебер қиюластыра білді. Жырда Кенесарының қырғыздарға жасаған жорығы, оның қаза табуы мазмұндалған. Дастан халық арасына кең тараған, алғаш 1875 жылы С. Жантөрин мен Т.Сейдалиннің аудармасымен “Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества” журналында орыс әліпбиімен қазақ тілінде басылды. Шығарманы 1912 жылы Қазан қаласында жылы Шайхысыламұлы жеке кітап етіп бастырды, 1923 жылы Ташкентте Х.Досмұхамедұлының, 1924 жылы Н. Төрекұловтың алғысөздерімен кітап болып шықты. 1996 жылы “Қазақ халық әдебиеті” атты көп томдықтың 17-кітабында жарық көрді. Нысанбай жыраудың шығарм. жолын Х.Досмұхамедұлы, Е. Ысмайылов, І.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Тебегенов, т. б. зерттеді.

Тақырып:

Нысанбай жырау өмірі мен шығармашылығы.
“Кенесары-Наурызбай” поэмасы

Қазақ әдебиеті, 9-сынып

▶ | 🔊 0:03 / 6:03



Тақырып бойынша бейнеролик

<https://www.youtube.com/watch?v=0abzYxh20n4>

Кенесары – Наурызбай бастаған көтеріліс тәуелсіздік алған жылдарға дейін бұрмаланып көрсетілгені, батырлардың есімдерін атауға тыйым салынғаны белгілі. Соған байланысты, Нысанбай есімі де халық аузына көп алына бермейтін. Егемендікке қол жеткізгеннен кейін ғана «Кенесары – Наурызбай» жыры жарыққа шығып, Нысанбай жырау есімі, ақындығы қайта жаңғыра бастады. Нысанбай Жаманқұлұлының бізге қалдырған асыл мұрасы – «Кенесары – Наурызбай» жыры. Бұл жырда Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы суреттеледі. Жырау Кенесары Қасымов бастаған көтеріліске өзі қатысып, көзі көрген оқиғаларды жырға арқау етеді.

Нысанбай
жырау



Кенесары-Наурызбай

1-тапсырма. Сұрақтар тізбесіне жауаптар жазу

1. Нысанбай кім?

2. Қандай шығармалары бар?

3. Мәтін бойынша тақырыптарды топқа бөліп оқиды

Дескриптор:

-Әр оқушы екі топқа барып кітаптағы материалдардан түсінгендерін айтады

-автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды

Автор бейнесі - әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасын көру қалпы. Әр жанрдағы шығармаларда автор бейнесі әр түрлі дәрежеде әр қырынан аңғарылады. Эпикалі шығармаларда автор негізінен алғанда оқиғаны баяндаушы болады. Ал драмалық шығармада автор оқиғаның даму барысынан мүлде сырт тұрады. Поэзиялық шығармаларда автор, негізінен, лирикалық тұлға ретінде танылады. Лирикада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы яғни жеке авторлық тәжірибесі басқа жанрларға қарағанда айқын, анық бедерленеді. Өмір шындығын оқырман лирикалық тұлға позициясындағы автордың көзімен қарап, танып біледі. Лирикалық кейіпкер автордың өлеңмен жазылған тікелей өз көшірмесі емес, жинақтала келіп, белгілі бір нақтылы сипатты иеленген көркем бейне болып шығады.



Әулие – 1) құдай жолын қуып, дін уағыздаушы адам; 2) айтқаны келетін сәуегей адам; 3) ауысп. қадірлі, қасиетті; 4) ауысп. бір нәрсенің ең жақсысы, тәуірі, қымбаты.

Мәшһүр – аты әйгілі, даңқты.

Қисса – ауыз әдебиетіне тән сюжетті жыр, дастан.

1-топ Кенесары батыр мен Наурызбай батырдың тарихтағы ролін көрсет. Сәйкестендіру тестісіне жауап береді

3-топ Жырау шығармашылығы туралы баяндаудың жоспарын құру. Постер құру: Жыраудың жырлары

2-топ Нысанбай жыраудың шығармашылық жолын кімдер зерттеді? Зерттеген ғалымдар тізбесін жасайды.

Дескриптор:

-топтық жұмыста белсенді болып, тапсырманы орындап шығады
-Нысанбай жыраудың шығармашылық жолын зерттеген ғалымдар туралы ізденеді
-шығармашылығын зерттеуді баяндауға жоспар құрады

3-тапсырма. «Қай топ көп біледі» «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі

Нысанбай жыраудың «Кенесары Наурызбай» жырының тақырыбы мен идеясы туралы ой бөлісу

Дескриптор:

-жырдың тақырыбы мен идеясын ашу үшін постер құрып қорғайды

-кітапта берілген мәліметтерді мұқият оқиды



4-тапсырма топтық жұмыс «Зерттеушілік конференциясы» әдісі

1-топ «Кенесары – Наурызбай» жыры неліктен тарихи жырға жатады? Дастанның тарихи негізі туралы қандай дәлелді пікірлер айтар едіңдер?

2-топ Шығарма неге «Кенесары – Наурызбай» деп аталған? Сендер қандай атау ұсынар едіңдер?

3-топ Осы дастанды жырлаудағы ақынның басты мақсаты не деп ойлайсындар?

Дескриптор:

-сұрақтарға өз пікірлерін, ойларын нақ айтып жеткізеді

ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ.

Р/с	Оқушының аты – жөні	Үй тапсырмасы	Жаңа тақырыпты меңгеруі	Сабак барысындағы белсенділігі /топтық жұмыста/	Қорытынды (балл)
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					
11					
12					
13					

Рефлексия



-сабақ маған ұнады, тақырыпты меңгердім
- мне урок понравился, усвоил тему
-It was interesting



-сабақты түсіндім, әлі білгім келетінім бар, қиындықтар болды
-усвоил тему, хочу узнать больше, были затруднения
-It was important



-Сабақ маған түсініксіз болды
-Я не усвоил этот урок
-It was necessary



Үйге тапсырма:
«Кенесары Наурызбай»
жырын оқып, әдеби
талдау жасайды.